

Тұсініктеме хат

«Жас сарбаз» үйірмесінің 7,8, сыныптар үшін аптасына 2 сағат, жылына 34 сағат өткізіледі. Бұл үйірмеде оқушылар алғашқы әскери дайындық бойынша көптеген мәліметтер алып, сапқа тұру, қозғалу, ату, т.б. сияқты дағдыларды үйренеді. Әрбір оқушының денесін жаттықтыру арқылы денешінің тұруға пәнімен, тарихи әскери бейнефильмдер көрсету арқылы тарих пәнімен, шығармалар негізінде мәлімет берумен әдебиет пәнімен, картамен жұмыс арқылы географиямен тығыз байланыстыруға болады. Сонымен қатар, оқушылар өмір қауіпсіздік негіздерін біліп, пневматикалық қарумен танысады. ҚР Қарулы Күштері бойынша ақпараттар алып, әскери топография жайында да ой қозғайды. **Күтілетін нәтиже:** орта буынға жаңа келген оқушылардың алғашқы әскери дайындық туралы білімі болады. Саптық дайындық, саптан шығу, орнына тұру, бастыққа келіп-кетіп іс-қимылдарын біліп, топталып жүгіру, кедергілерден өту кермеге тартылу, жатып алып кеудені көтеру, пневматикалық мылтықтан атудан алғашқы дайындықтары болады және де медициналық көмек көрсету негіздерін біледі. Әскери топографиямен танысып, ҚР ҚҚ жөнінде ақпараттарды білетін болады.